

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау
министрлігіҚазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің
2026 жылғы 27 наурыздағы № 37
бұйрығы. Қазақстан
Республикасының Әділет
министрлігінде 2026 жылғы 1
сәуірде № 38263 болып тіркелдіМинистерство здравоохранения Республики
Казахстан

**«Ұлы Отан соғысының қатысушыларына, мүгедектеріне және оларға
теңестірілген адамдарға медициналық жәрдем көрсетуді одан әрі жақсарту
туралы» Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау істері жөніндегі
агенттігі төрағасының 2001 жылғы 15 қаңтардағы №41 бұйрығының күші
жойылды деп тану туралы**

БҰЙЫРАМЫН:

1. «Ұлы Отан соғысының қатысушыларына, мүгедектеріне және оларға
теңестірілген адамдарға медициналық жәрдем көрсетуді одан әрі жақсарту
туралы» Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау істері жөніндегі агенттігі
төрағасының 2001 жылғы 15 қаңтардағы № 41 бұйрығының күші жойылды деп
танылсын (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №
1399 болып тіркелген).

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық
көмекті ұйымдастыру департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында
белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде
мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде
мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы



«ЗҚАИ» ШЖҚ РМК лауазымды тұлғаның ЭЦҚ мәліметі бар QR-код

ҚР НҚА ЭББ-гі нақты
құжатқа сілтеу QR-коды

Денсаулық сақтау министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі **А. Алыназарова**